

«8D02306 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тоқсанбаева Рахия Қуантқанқызының «Құқықтық дискурстың лингво-семантикалық және когнитивтік сипаттамасы: ағылшын тілі материалы бойынша (батыс тілдері)» атты диссертациясына

АННОТАЦИЯ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі қарқынды өзгеріп жатқан құқықтық кеңістікте заң дискурсын зерттеу түрлі ғылым салаларында қайтадан өзекті бола түсті. Күрделі құрылымдарға, арнайы терминологияға және интерпретацияға бейімділігімен ерекшеленетін құқықтық тіл әділдік туралы түсініктерге ықпал етіп, құқықтық шешімдердің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Заң мәтіндерінің терминологиясынан бастап стильдік ерекшеліктеріне дейінгі түрлі аспектілері біршама зерттелгенімен, бұл зерттеулердің көпшілігі фрагментарлы сипатта болып, көбіне жекелеген лингвистикалық немесе догматикалық талдаумен шектеледі.

Зерттеу ағылшын тіліндегі құқықтық дискурсты талдай отырып, әсіресе мағынаның екіұштылығы пен полисемияның (көпмағыналылық) құқықтық мазмұн мен түсіндіруге әсеріне тоқталады. Терминнің қолданылуы айқын емес шекаралық жағдайлар туындағанда, мағынаның екіұштылығы пайда болады. Ал полисемия – бір сөздің өзара байланысты бірнеше мағынаға ие болуы. Осы құбылыстарды талдау үшін зерттеуде Г.Л.А. Харт ұсынған «ашық құрылым» (open texture) теориясы мен когнитивтік тіл біліміндегі фреймдік семантика, прототиптер теориясы және Барсалоудың концептуалдық симуляция теориясы сияқты тұжырымдамалық негіздер қолданылды. Бұл теориялық негіздер көпмағыналы құқықтық терминдердің заңгерлер санасында қалайша қалыптасатынын, жадтан қалай алынатынын және әртүрлі құқық салаларында қалай түсіндірілетінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Полисемия көріністері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде де қарастырылып, олардың құқықтық мәтіндердегі қызметі талданады. Сонымен қатар зерттеу барысында аударма нәтижесінде пайда болатын көпмағыналылыққа назар аударылады. Атап айтқанда, ағылшын тілінен қазақ тіліне заң мәтіндерін аудару кезінде көпмағыналы терминдердің кеңінен қолданылуына әсер ететін факторлар анықталады. Бұл тақырыптың өзектілігі жаһандану аясында Қазақстанның халықаралық құқықтық жүйелермен, әсіресе жалпы құқық дәстүріне негізделген құрылымдармен байланысының артуымен түсіндіріледі. Мұндай жағдайда аударма концептуалды келісім алаңына айналады. Мағынасы айқын емес немесе көпмағыналы құқықтық терминдердің дискурстағы қолданысын зерттеу арқылы бұл жұмыс құқықтық лингвистика саласына үлес қосады.

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі құқықтық дискурсты тілдік талдаудың дербес әрі жеткілікті зерттелмеген нысаны ретінде қарастырумен байланысты анықталады. Әсіресе нормативтік мәтіндердегі мағынаның айқын емес, екіұшты болуын және полисемия сияқты семантикалық құбылыстарды тұрғысынан талдау маңызды. Құқықтық тілдің күрделілігі мен оның

интерпретациялық қиындықтары ғылымда мойындалғанымен, осы тілдік ерекшеліктердің нақты заңнамалық мәтіндерде қалай жұмыс істейтінін эмпирикалық тұрғыда талдайтын зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Бұл әсіресе ағылшын тіліндегі құқықтық жүйенің негізгі заң актілерінде айқын байқалады.

Зерттеу нысаны –ағылшын тілі материалдары бойынша құқықтық дискурс.

Зерттеу пәні – құқықтық дискурстың лингво-семантикалық және когнитивтік ерекшеліктері, оның ішінде Ұлыбританияның заңнамалық мәтіндеріндегі мағынаның екіұштылығы мен полисемия.

Зерттеу мақсаты – құқықтық дискурстың лингво-семантикалық және когнитивтік сипатын зерделеу. Көзделген мақсатқа қол жеткізу келесі **зерттеу міндеттерін** шешуді талап етеді:

- құқықтық дискурстағы семантикалық нақтылықтың болмауын талдау және оны бағалау үшін Г.Л.А. Харттың «ашық құрылым» теориясы сияқты тұжырымдамаларына сүйене отырып, мағынаның екіұштылығы Ұлыбритания Парламенті актілерінде әдейі қолданылатын заңнамалық стратегия болатындығын анықтау;

- Ұлыбританияның құқықтық жүйесінде мағынаның екіұштылығы қалай жұмыс істейтінін айқындау;

- құқықтық тілдегі полисемия құбылысын талдау, атап айтқанда, жалпы қолданыстағы сөздердің Ұлыбритания Парламентінің актілерінде арнайы құқықтық мағынаға қалай ие болатынын зерттеу;

- фреймдік семантика, прототиптер теориясы және Барсалоудың концептуалдық симуляция теориясын қолдана отырып құқықтық интерпретацияның когнитивтік тетіктерін саралау;

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қылмыстық іс жүргізу кодексі және Еңбек кодексі сияқты негізгі құқықтық актілер негізінде қазақ тіліндегі құқықтық мәтіндердегі полисемия мысалдарын анықтау;

- ағылшын тіліндегі құқықтық терминдерді қазақ тіліне аудару нәтижесінде пайда болатын полисемияны зерттеу.

Зерттеудің әдістері мен тәсілдері. Бұл диссертациялық жұмыста дәстүрлі лингвистикалық әдістер мен қазіргі заманғы когнитивтік және дискурстық тәсілдер біріктірілген кешенді әдістемелік негіз қолданылады. Зерттеудің негізгі құралдарының бірі – *лексика-семантикалық талдау*, ол Ұлыбритания Парламентінің тандап алынған заң актілеріндегі анықсыз және полисемиялық терминдерді жүйелі түрде анықтап, жіктеуге және сол терминдердің әртүрлі контекстегі мағыналық өзгерістерін зерттеуге мүмкіндік береді. Аталған терминдердің құқықтық коммуникациядағы қызметін түсіну үшін зерттеуде *дискурстық талдау* әдісі қолданылады. Бұл әдіс құқықтық мағынаның қалыптасуына институттық контекст, құқықтық жанрлар және құқықтық интерпретация дәстүрлері қалай әсер ететінін анықтауға бағытталған. *Когнитивтік лингвистикалық көзқарас* мағынасы айқын емес немесе полисемиялық тілдік бірліктерді құқық саласындағы мамандардың санасында қалай өңделетінін зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе мағынасы күмәнді болған жағдайда заң тілін түсіндіру үшін қолданылатын концептуалдық

модельдер мен тұжырымдық стратегияларды талдауды қамтиды. Сонымен қатар, зерттеуде *салыстырмалы әдіс* қолданылады, ол ағылшын және қазақ құқықтық дискурстарында мағынаның екіұштылығы мен полисемияның берілу ерекшеліктерін салыстыра отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға бағытталған. Бұл тіларалық көзқарас көптілді құқықтық жүйелерге тән аудармалық және интерпретациялық қиындықтарды айқындай түседі.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі шетелдік және қазақстандық ғалымдардың іргелі әрі заманауи еңбектеріне сүйенеді. Жалпы дискурс теориясы М. Фуко, Н. Феркляф, Т. ван Дейк, Р. Водак, М. Хэллiday, В.И. Карасик, Е.В. Арутюнова, Ю.С. Степанов, Э.Д. Сүлейменова, Г.Г. Буркітбаева және Г.Г. Гиздатов сынды зерттеушілердің еңбектері негізінде қарастырылады. Құқықтық дискурсты зерттеу П. Гудрич, Й. Мэли, Д. Курзон, А. Тросборг, П. Тирсма, Е.А. Кажемякин, М.В. Батюшкина, Т.В. Дубровская, А. Чернышев, Н. Тулкинбаев, Г.Б. Норузова және Н.М. Абишева сынды ғалымдардың еңбектеріне негізделеді. Құқықтық тілдегі семантикалық екіұштылық теориясы Р. Дворкин, Г.Л.А. Харт, М. Мур, Б. Бикс, Т.А.О. Эндикотт, Л. Солан, Р. Соренсен, Р. Пошер және Ф. Шауэр сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді. Полисемия мәселесін қарастыруда зерттеу А. Апресян, Д.А. Круз, А. Висенте, И.Л. Фалкум, С. Лёбнер, Дж. Лайонз, Д.Дж. Хемел, және Д.Н. Шмелев сынды ғалымдардың еңбектеріне негізделді.

Зерттеудің материалдары. Бұл зерттеуде қолданылған материалдарға ағылшын және қазақ тілдеріндегі негізгі (бірінші деңгейлі) және қосымша (екінші деңгейлі) құқықтық мәтіндердің таңдаулы жиынтығы кіреді. Атап айтқанда, ағылшын тіліндегі заңнамалық актілердің ішінен 2015 жылғы Тұтынушылар құқықтары туралы заңы (Consumer Rights Act), 1996 жылғы Еңбек құқықтары туралы заңы (Employment Rights Act) және 2003 жылғы Қылмыстық әділдік туралы заңы (Criminal Justice Act) секілді нормативтік-құқықтық құжаттарға ерекше назар аударылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының негізгі құқықтық кодекстері де талданды. Қылмыстық іс жүргізу кодексі, Еңбек кодексі және Азаматтық кодекс сияқты актілердегі полисемиялық және анық емес құқықтық терминдердің концептуализациясы мен интерпретациясы зерттелді. Бұл мәтіндер семантикалық тұрғыдан күрделі және көпмағыналы тілдік бірліктердің жиі кездесетіндігіне байланысты таңдалды – аталмыш бірліктер құқықтық тілдегі екіұштылық пен интерпретациялық икемділікті зерттеудің негізі ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар заңнамалық және практикалық контекстердегі мағына екіұштылығының рөлін бағалау мақсатында сот тәжірибесі, прецеденттік істер және заңгерлік түсіндірмелер де қарастырылды. Тіларалық құқықтық коммуникацияда мағынаны жеткізу стратегияларын бағалау үшін қостілді құқықтық сөздіктер, этимологиялық сөздіктер, сондай-ақ ағылшын-қазақ құқықтық глоссарийлері пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыс құқықтық дискурстың лингво-семантикалық және когнитивтік ерекшеліктерін кешенді түрде талдайтын түпнұсқалық пәнаралық зерттеу болып табылады. Әсіресе Ұлыбританияның заңнамалық мәтіндеріндегі мағынаның екіұштылығы мен полисемия құбылыстарының қазақ құқықтық тілімен салыстырыла зерттелуі

ғылыми жаңалықтың негізін құрайды. Зерттеу заң лингвистикасы, семантика және когнитивтік лингвистика тұрғысынан түрлі әдіснамалық тәсілдерді біріктіре отырып, жұмысқа тың көзқарас пен теориялық жаңашылдық әкеледі.

– *Зерттеуде алғаш рет Ұлыбритания заңнамалық мәтіндеріндегі мағынаның екіұштылығы мен полисемияны когнитивтік және құқықтық лингвистика әдістері арқылы пәнаралық негізде талдау ұсынылады.* Мағынаның анық емес, екіұшты болуы тек тілдік кемшілік ретінде емес, керісінше, құқықтық мәтіндердің бейімделгіштігі мен интерпретациялық ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды сипат ретінде қарастырылады. Сонымен қатар ол құқық субъектілерінің шешім қабылдау еркіндігін күшейтіп, заңнамалық бақылаудың сақталуына мүмкіндік береді. Полисемия құқықтық мағынаның қалыптасу тетігі ретінде талданып, заң терминдерінің нормативтік дискурста нақты контекстке тәуелді, мағыналық реңкі бар интерпретацияларға қалай ие болатынын көрсетеді.

– *Зерттеу қазақ құқықтық тіліндегі полисемияны тілаларлық және когнитивтік тұрғыдан алғаш рет жүйелі түрде талдай отырып, қазақ құқықтық лингвистикасы үшін маңызды ғылыми қадам жасайды.* Бұл жұмыста алғаш рет қазақ тіліндегі негізгі құқықтық кодекстерде кездесетін полисемиялық терминдер анықталып, жүйеленген. Зерттеу нәтижесінде құқықтық лексиканың бірізді стандарттарының болмауы, жалпы қолданыстағы сөздерге сүйену және орыс тіліндегі заң жобалау дәстүрінің ықпалы қазақ құқықтық дискурсында мағыналық екіұштылықтың артуына және интерпретациялық қиындықтардың туындауына әсер ететіні айқындалды.

Теориялық маңыздылығы. Зерттеу құқықтық лингвистика, когнитивтік лингвистика және дискурс талдауы салаларының дамуына үлес қосады, сондай-ақ қазақ тіліндегі құқықтық терминологияны жүйелеудің теориялық негіздерін ұсынады. Жұмыстың нәтижелері құқықтық дискурсты тереңірек түсінуге, заң мәтіндерін интерпретациялауға және құқықтық шындықтың ағылшын және қазақ тілдеріндегі концептуализациясын тануға ықпал етеді. Зерттеу құқықтық дискурсты талдау мен құқықтық аударма саласындағы келешектегі ғылыми жұмыстар мен практикалық қолданбаларға теориялық тірек бола алады. Зерттеу осы күнге дейін толық зерттелмеген заң лексикасын талдаудың теориялық-әдістемелік негіздерін қалыптастыруға үлес қосып, қазақ тіліндегі заң терминологиясын одан әрі жүйелеу мен кешенді сипаттауға алғышарттар жасайды. Алынған нәтижелер осы бағыттағы кейінгі зерттеулер үшін құнды ақпарат көзі бола алады, сондай-ақ заң дискурсы бойынша статистикалық деректерді әзірлеуде, ғылыми жобаларды дайындауда, семинарлар мен өзге де зерттеу іс-шараларын өткізу барысында қосымша материал ретінде пайдаланылуға болады.

Практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері құқықтық дискурс, когнитивтік семантика, құқықтық лексикография және терминтану бойынша академиялық курстарды әзірлеуде қолданылуы мүмкін. Бұл бағыттағы материалдар жоғары оқу орындарының құқық және филология факультеттерінің оқу бағдарламаларына енгізуге қолайлы. Әсіресе, зерттеу негізінде келесі мамандандырылған пәндерді құрастыруға мүмкіндік бар: «Қазақ құқықтық

дискурсына кіріспе», «Қазақтілді мамандарға арналған құқықтық ағылшын тілі», «Құқықтық ағылшын мен құқықтық қазақ тілін салыстырмалы зерттеу», «Салыстырмалы құқықтық лингвистика», сондай-ақ «Құқық саласындағы мәдениетаралық коммуникация».

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Құқықтық мәтіндердегі мағынаның екіұштылығы – заң мәтіндерін әртүрлі жағдайларға бейімделе алатындай ету үшін әдейі қолданылатын заң шығару стратегиясы. Бұл құбылыс құқықтық тілдің ашық құрылымды табиғатын көрсетеді және Ұлыбритания сияқты кодификацияланбаған құқық жүйелерінде соттық интерпретацияны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2. Құқықтық дискурс – билік құрылымдарын және идеологиялық функцияларды тіл арқылы бейнелейтін, өзіндік ерекшелігі бар әрі пәнаралық сипаттағы институционалдық дискурстың түрі. Әсіресе, заң мәтіндеріндегі анық емес терминдердің қолданылуы құқықтық нормаларды икемді түрде түсіндіруге мүмкіндік беріп, осы қызметті іске асырады.

3. Құқықтық дискурстағы полисемия – заңнамалық тілге тән жүйелі әрі функционалды сипат, мұнда жалпы қолданыстағы сөздер әртүрлі контекске сай нақты құқықтық мағыналарға ие болады. Бұл мағыналар грамматикалық формаға, құқықтық контекстке және прагматикалық қызметке байланысты қалыптасады.

4. Аударма нәтижесінде туындайтын полисемия қазақ құқықтық тілінде ағылшын және қазақ тілдері арасындағы ұғымдық әрі лексикалық асимметрияларға байланысты пайда болады. Бұл құбылыс құқықтық аударманың когнитивтік және семантикалық қиындықтарын көрсетіп, қазақ құқықтық терминологиясының даму үдерісіне ықпал етеді.

Жұмыстың апробациясы. Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 3 ғылыми мақалада жарияланды. Соның ішінде Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (БҒССҚК) ұсынған ғылыми басылымдарда 2 мақала, ал Scopus (Q2, процентиль – 85%) деректер базасына енгізілген халықаралық рецензияланатын журналда 1 мақала жарық көрді.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Бұл диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.